

Кентау қаласы әкімдігінің
Қаулысы

№ 321

«21» 11 2011ж.

Кәсіпорындардың жарғылық капиталдары және кәсіпорынның атауын өзгерту туралы

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» және «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңдарына сәйкес Кентау қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Кентау қаласы әкімдігінің «Тазалық Кентау» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынның жарғылық капиталы 140 000 000 (бір жүз қырық миллион) теңгеге кемітілсін.

2. Кентау қаласы әкімдігінің «Кентау Сервис» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынның жарғылық капиталы 139 977 573 (бір жүз отыз тоғыз миллион тоғыз жүз жетпіс жеті мың бес жүз жетпіс үш) теңгеге ұлғайтылсын.

3. «Тазалық Кентау» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынның атауы «Кентау қаласы әкімдігі тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар келігі және автомобиль жолдары бөлімінің «Тазалық-Кентау» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын» болып өзгертілсін.

4. Кентау қаласы әкімдігі тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар келігі және автомобиль жолдары бөлімінің «Тазалық-Кентау» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынның Жарғысы жаңа редакцияда бекітілсін.

5. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес «Тазалық-Кентау» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынның директоры кәсіпорынды Әділет басқармасынан қайта тіркеуден өткізсін.

6. «Кентау Сервис» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынның директоры жарғылық капиталдың ұлғайтылғандығы туралы Әділет басқармасын хабарласын.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары М.Қонысовқа жүктелсін.

Қала әкімінің міндетін атқарушы

Ә.Алдамұратов

Көшірмесі дұрыс:

